

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 1029 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л ы Е Т Е М І Н :

1. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 36-құжат; № 38, 405-құжат; № 43, 481-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат; № 33, 309-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізудің ережелерінде:

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі «Меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдар» деген сөздер «Жеке кәсіпкерлік субъектілері» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта «қорғау министрлігі,» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі,» деген сөздермен толықтырылсын;

10 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «белгіленген нысандағы өтінімді және үш данада материалдарды» деген сөздер «материалдарды бір данада» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы «сауалнама» деген сөз «өтінім» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «(диаграммалар, сызбалар, кестелер, құжаттардың көшірмелері және тағы басқалар)» деген сөздер «(ұжымдық шарттың көшірмесі және өзге де құжаттар)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «болуы тиіс» деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген және оның интернет-ресурсында орналастырылған нысанда толтырылған сауалнама болуы тиіс»;

13-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) «Экологияға қосқан үлесі үшін».

Бұл номинацияда қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен

үміткерлердің қызметі қаралады.»;
мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

«13-1. Гран-при - конкурстың жоғары наградасы жұмыста және корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарын іске асыруда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізген үміткерге беріледі.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізудің ережелеріне қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Әшімов - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Нұрғали Сәдуақасұлы ортаны қорғау министрі,
Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Мұхтар Абрарұлы министрі;

м ы н а :

«Мыңбаев Сауат - Қазақстан Республикасының Энергетика
Мұхаметбайұлы және минералды ресурстар министрі

Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия
Әсет Өрентайұлы және сауда министрі»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Мыңбаев Сауат - Қазақстан Республикасының Мұнай және
Мұхаметбайұлы газ министрі»,

«Исекешев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Әсет Өрентайұлы орынбасары - Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа технологиялар министрі»;

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 423 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 30, 367-құжат; 2007 ж., № 21, 233-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 423 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы № 349 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 21, 233-құжат).

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-тармақтың

төртінші, он бірінші, он екінші, он үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2010 жылғы 16 шілдедегі
№ 1029 Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2008 жылғы 23 қаңтардағы
№ 523 Жарлығымен
бекітілген Бизнесің әлеуметтік
жауапкершілігі жөніндегі
«Парыз» конкурсын өткізу
ережелеріне
қосымша

Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі

«Парыз» конкурсына қатысушының

өтінімі

Тіркеу нөмірі _____

1. Заңды (жеке) тұлғаның атауы _____
Тіркеу орны бойынша мекенжайы _____
Орналасу орны бойынша мекенжайы _____
2. Ұйымның басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
3. Байланыс телефондары (телефондары, электрондық пошта мекенжайы және факс нөмірі) _____
4. Құжаттар ұсынылған номинация (астын сызыңыз):
Жылдың үздік әлеуметтік жобасы;
Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын;
Үздік ұжымдық шарт;
Экологияға қосқан үлесі үшін.
5. Ірі, орта, шағын кәсіпкерлік субъектісі (астын сызыңыз)
6. Сала _____
7. Қызметкерлерінің саны _____

8. Заңды (жеке) тұлғаның қызметі туралы қысқаша сипаттама (немен айналысады) _____
9. Заңды (жеке) тұлғаның алған наградалары _____
10. Өтінімге сауалнама тіркелген және қосымша _____ парақта
11. Ұсынған материалдар мен көрсеткіштер дұрыс

Қ о л ы
М ө р і

Күні